

Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 14 қазандағы N 489 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 07.07.2020 № 360-VI Кодексімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "Стандарттау, метрология және сертификаттау", "стандарттау, метрология және сертификаттау" деген сөздер тиісінше "Техникалық реттеу және метрология", "техникалық реттеу және метрология" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2007.02.05 № 228 Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасының халқы арасында йод тапшылығы ауруларының алдын алу, йодталған тұздың және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерінің өндірісі, әкелу, әкету және өткізу, сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) ас тұзы - тағамдық мақсатқа арналған тұз;
- 2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, дәрілік заттардың айналысы, медициналық көрсетілетін қызметтер сапасын бақылау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 3) жалған тұз - көрінеу және қасақана өзгертілген (қолдан жасалған) және (немесе) ол туралы ақпарат көрінеу дұрыс емес немесе толық емес болып табылатын жасырын қасиеттері мен сапасы бар тұз;
- 4) жемдік тұз - мал шаруашылығында мал азығына минералдық қоспа ретінде пайдаланылатын тұз;

5) йод тапшылығы аурулары - ағзаға йодтың жеткіліксіз түсуіне байланысты калқанша без функциясының бұзылуынан болатын адам ағзасының дертті жай-күйі;

6) йод тапшылығы ауруларының алдын алу - йод тапшылығы ауруларынан сақтандыруға бағытталған іс-шаралар жүйесі;

7) йодталмаған тұз - йод қосындыларымен байытылмаған тұз;

8) тұзды йодтау - тұзды йод қосындыларымен байытудың өндірістік процесі;

8-1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.02.05 № 228; өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Осы Заңның мақсаттары мен міндеттері

Осы заңның мақсаттары мен міндеттері:

- 1) халықтың денсаулығын қорғау;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағында йод тапшылығы ауруларының алдын алу жөнінде келісімді іс-шаралар жүргізу;
- 3) йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласында мемлекеттік реттеу;
- 4) йод қосындыларымен байытылған тамақ өнімдерін өндіру және өткізуді дамыту болып табылады.

2-тарау. Йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласындағы мемлекеттік реттеу

4-бап. Йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласындағы мемлекеттік бақылау

Ескерту. 4-бап алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) тұзды йодтау және йод тапшылығы ауруларының алдын алу мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

4) йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласындағы заңдарға және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.02.05 № 228; 03.07.2013 № 124 -V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді;

2) йод тапшылығы ауруларының тізбесін бекітеді;

3) йод тапшылығы ауруларының алдын алу бойынша халықаралық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысады;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 6-бап жаңа редакция - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

6-1-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы заңнамасы талаптарының орындалуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

2) өндірісінде йодталмаған тұз пайдаланылатын тамақ өнімінің жекелеген түрлерінің тізбесін бекітеді;

3) тұзды және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерін йодтау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тарау 6-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

7-бап. Техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласындағы құзыреті

Техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган:

1) йодталған ас тұзы және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдері өндірісіне және оларды қайта өңдеуге арналған ұлттық стандарттарды тіркеуді, бекітуді жүзеге асырады;

2) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласындағы құзыреті

Ескерту. 8-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдары өз құзыреті шегінде:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) йод тапшылығы ауруларының алдын алу жөніндегі іс-шараларды орындауға арналған жергілікті бюджеттер құрамындағы шығыстарды бекітеді;

3) йод тапшылығы ауруларының алдын алу жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мен ұйымдар басшыларының хабарламасын тыңдайды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары өз құзыреті шегінде:

1) балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарын, білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарын йодталған ас тұзымен және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

2) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделеріне орай, Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.10 № 116 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарының йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласындағы өкілеттіктері

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары өз құзыреті шегінде:

1) йодталған ас тұзының және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды;

2) йодталған тұздың және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерінің сынамаларын нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес іріктеуді;

3) йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөнінде қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауды;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. Йод тапшылығы ауруларының алдын алу жөніндегі шаралар

10-бап. Йод тапшылығы ауруларының алдын алу жөніндегі іс-шаралар

1. Қазақстан Республикасында йод тапшылығы ауруларының алдын алу жөніндегі іс-шаралар осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де

нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген негізде және тәртіппен жүргізіледі.

2. Йод тапшылығы ауруларының алдын алу жөніндегі іс-шаралар:

1) мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасында йодталған ас тұзы мен жемдік тұз өндірісіне, оларды әкелуге, әкетуге, өткізуге қойылатын талаптарды қамтамасыз ету мен сақтау жолындағы жауапкершілік;

2) йод тапшылығынан зардап шегетін адамдардың денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық көмек алуға қол жеткізуі;

3) йодталған ас тұзының және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерінің зиянды әсерінің салдарынан денсаулығы жоғалған жағдайда азаматтардың құқықтарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қорғау принциптерінде жүзеге асырылады.

11-бап. Тұздың өндірілуіне, айналымына және қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

1. Мыналарды:

1) йодталған тұзды қолдануға болмайтын көрсетімдері бар адамдарға арналған тұзды;

2) өндірісінде йодталмаған тұз пайдаланылатын тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруге арналған тұзды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда өндірілетін және (немесе) өткізілетін ас тұзы мен жемдік тұз йодталуға тиіс.

Йодталмаған ас тұзын әкелу, өндіру және өткізу тәртібін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

2. Тұзда йодтың болу нормалары, олардың сапасы, қауіпсіздігі, йодтау әдістері, йодтың болуы төмендеген кезде қайта йодтау процесі санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға, сондай-ақ өзге де нормативтік талаптарға сәйкес келуге тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында йодталмаған тұз өндірісіне, оларды әкелуге, сондай-ақ өткізуге тыйым салынады.

4. Жалған тұз өндірісіне, оларды әкелуге, әкетуге және (немесе) өткізуге тыйым салынады.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.02.05 № 228; өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Йодталған ас тұзын сертификаттау жөніндегі талаптар

1. Қазақстан Республикасының аумағында өткізуге арналған йодталған ас тұзы Қазақстан Республикасының сертификаттау туралы заңдарына сәйкес міндетті сертификаттауға жатады.

2. Сәйкестік сертификаттарын (сәйкестік сертификаттарының көшірмелерін) және (немесе) сәйкестік белгілерін немесе сәйкестік туралы декларациялар (сәйкестік туралы декларациялардың көшірмелерін) табыс етпей, йодталған ас тұзын әкелуге жол берілмейді.

13-бап. Йод қосындыларымен байытылған тамақ өнімдеріне қойылатын талаптар

Йод қосындыларымен байытылған тамақ өнімдерінің өндірісі, сондай-ақ оларды сақтау, тасымалдау және өткізу шарттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сай болуға тиіс.

14-бап. Йодталған тұзды және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерін орауға, таңбалауға және сақтау мерзімдеріне қойылатын талаптар

1. Йодталған тұзды және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерін орау, маркілеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Йодталған тұздың және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерінің орамы олардағы йод құрамының нормативтік құжаттармен көзделген мөлшерде сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

3. Йодталған тұздың және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерінің орамында, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ақпаратпен қатар, мемлекеттік тілде және орыс тілінде мынадай деректер көрсетілуге тиіс:

- 1) тамақтық және энергетикалық құндылығы;
- 2) йод қосындыларының құрамы;
- 3) қолданудың мақсаты және шарттары;
- 4) сақтаудың шарттары және мерзімдері.

4. Йодталған тұз және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдері орамда көрсетілген ақпаратқа сәйкес келуге тиіс.

5. Йодталған тұз және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдері белгіленген сақтау мерзімі өткен соң кәдеге жаратылуға, өнеркәсіптік жолмен қайта өңделуге не қайта йодталуға жатады.

Сақтау мерзімі өткен йодталған тұзды және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерін өткізуге тыйым салынады.

15-бап. Йод қосындыларымен байытылған тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің кепілі

1. Йод қосындыларымен байытылған тамақ өнімдерінің өндірісі мен өткізілуін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар тұтынушыларға олардың сапасы мен қауіпсіздігін, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға және өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес келетіндігіне кепілдік беруге тиіс.

2. Тұтынушыға йод қосындыларымен байытылған тамақ өнімдерінің сертификатталуы туралы ақпарат берудің нысаны мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

4-тарау. Қорытынды ережелер

16-бап. Йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласындағы дауларды шешу

Йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласында туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

17-бап. Қазақстан Республикасының йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы заңдарын бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

18-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі туралы

Осы Заңның қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізілген 11-бабының 4-тармағын қоспағанда, осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Президенті

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң